

**Қ.Әбдіәлиев атындағы жалпы орта мектеп кітапханасының
2021-2022 оқу жылының І-жарты жылдығында қыркүйек айында
атқарылған жұмыстары туралы
М Ә Л І М Е Т**

03.09.2021 жылы қыркүйек айына арналған жұмыс жоспары жасалып бекітілді.

30.08.2021 жылы «Ата заң еркіндіктің тұғыры» атты көрме ұйымдастырылып, оқушыларға Ата заң туралы түсіндірме сабақтар өткізілді. Қазақстан елінің – ерекше ел екендігі аталып, тұғырының биік екендігі жайлы мәліметтер жинақталды. Бұл қай мәдени дәстүрінің қалаған ортасында болса да тәуелсіздік және ішкі бағынышсыз болып қалатын адамдар тұратын ел. Қазақстан аумағында тұратын халық барлық жағынан ашық болып, әртүрлі діни, саяси және экономикалық жолдардың қиылысында тұрып, ештеңеге қарамастан өзінің ішкі тәуелсіздігін сақтап қалған.

Мемлекет – бұл тек аумақ, азаматтардың бірлігі, билік институттары ғана емес, ол сонымен қатар өз беттерінде келесі ұрпақтардың тәжірибесі мен жақсы болашағының үмітін жұмылдыратын Конституция.

Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы айтатын болсақ, Қазақстанға тәуелсіздік алуға, тиісінше қолданыстағы Конституцияны қабылдауға вектор болып табылатын кейбір тарихи сәттерді атап өткен жөн.

Қазақстанда конституциялық құрылыс идеялары өз қайнар көзімен ғасырлар бойы жалғасып таба бермек. Олардың қалыптасуына «Қасым ханның жарық жолы», «Есім ханның ежелгі жолы» сияқты XV-XVIII ғасырлардың заңдар жинағы маңызды рөл атқарды. «Алаш» Конституциясының жобасы белгілі оқиға болды. Қазақстанның конституциялық құрылысының тарихында бес Конституция болған, соның ішінде қазіргі қолданыстағы 1995 жылғы Конституция.

Қазақстанда Конституциялар 1926, 1937, 1978 және 1993 жылдары қабылданды. Жаңа конституцияларға енгізілген барлық өзгерістер көбінесе өзгешеліктерден тұратын.

Алайда 1917-1919 жылдары қолданыста болған Алаш үкіметінің бағдарламалық құжаттарындағы атазандығы кеңестік барлық конституциялардан шынайы ұғымға ие болды.

10.09.2021 жылы 2020-2021 оқу жылындағы оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілуі деңгейіне талдау жүргізілді.

Қ.Әбдіәлиев жалпы орта мектеп кітапханасында жалпы кітап қоры 21448, оның ішінде оқулық саны 11607, әдеби кітаптар саны 9841, электронды оқулықтар 196 дана. Ғылыми-ағартушылық әдебиеттер 28 дана және де жаңа ғасыр әдебиеттері, орыс әдебиеттері, мұғалімдерге қажетті газет журналдар, кішкентай бүлдіршіндерге арналған ертегі кітаптар, «Педагогикалық сыр сандық» ойын кітаптары тағы басқа әдеби кітаптар кітапханада жеткілікті. Биылғы 2021-2022 оқу жылы оқушыларды мектеп оқулықтарымен қамтамасыз ету мынадай көрсеткіште:

2-сынып бойынша 496 оқулықпен 95 %, негізгі оқулықтар 100%.
3-сынып бойынша 641 оқулықпен 90 %, негізгі оқулықтар 100% .
4-сынып бойынша 704 оқулықпен 99%, негізгі оқулықтар 100% .
5-сынып бойынша 819 оқулықпен 96% , негізгі оқулықтар 100 %
6-сынып бойынша 686 оқулықпен 100% негізгі оқулықтар 100 % .
7-сынып бойынша 624 оқулықпен 96% ,негізгі оқулықтар 100% .
8-сынып бойынша 704 оқулықпен 100%, негізгі оқулықтар 100% .
9-сынып бойынша 1080 оқулықпен 94% , негізгі оқулық 100% .
10-сынып бойынша 735 оқулықпен 95% , негізгі оқулықтар 100% .
11-сынып бойынша 536 оқулықпен 90 % , негізгі оқулықтар 100% .
Жалпы мектеп бойынша оқулықпен қамтылуы дана **95%**.

17.09.2021 жылы 5-11 сынып аралығында оқушыларға пән бойынша оқулықтарды талдау төмендегі көрсеткіштерге ие.

5-сынып бойынша оқулықтар жетіспеуіне байланысты М.Өтемісұлы жалпы орта мектебінен 18 компл. оқулықтар қыркүйек айында жеткізілді және тізімге алынып АКТ жасалынды. Келесі А.Байтұрсынов жалпы орта мектебінен 6 компл.

5-сынып оқулықтары жеткізіліп АКТ жасалынды.

6-сынып бойынша 686 оқулықпен 100% негізгі оқулықтар 100 % толық жеткілікті.
7-сынып бойынша 624 оқулықпен 96% ,негізгі оқулықтар 100% .

8-сынып бойынша 704 оқулықпен 100%, негізгі оқулықтар 100% .

9-сынып бойынша оқулықтар жетіспеуіне байланысты Комсомол жалпы орта мектебінен 16 компл.+Қақпақ жом 2 компл. жеткізілді. Жалпы саны-1080 оқулықтармен 94% , негізгі оқулық 100% қамтылды.

05.09.2021 жыл. Жаңадан түскен оқулықтарды кітапхана қорының сумарлық тіркеу дәптеріне енгізілді. Биылғы жылы мектебімізге 1,4,9,8 сыныптарға жалпы саны -2508, құны - 2 194945 теңгені құрайтын оқулықтар келіп түсті және 65 дана электрондық оқулықтар берілді. Ал 1 сыныптарға математика пәні бойынша 2-ші бөлімі желтоқсан айында жеткізілетіні жайлы жоспарлануда.
4-сыныптарға ағылшын тілі оқулықтары мен дәптерлері 100 % қамтылды.

9-сыныптарға Зайырлы этика және дінтану негіздері оқулықтары 100% берілді.

01.09.2021 жылы оқулықтарды пайдалану жайында рейд ұйымдастырылды, жалпы сыныптарға тексеру жүргізіліп, оқулықтарды түгел әкелмеген оқушылардың тізімін мектебіміздің Директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Нарбаева Халима алайға тапсырылды. Мектебімізде рейд жұмыстары әр ай сайын жүргізіледі.

20.09.2021 жыл. «Қазақстанның келешегі қазақ тілінде» атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеге Пәп мұғалімдері атсалысып, көрмеге қатысты. Мектеп оқушыларына арналған 22 қыркүйек – Қазақстан Республикасының халықтарының тілдер мерекесі күні қарсаңында өтетін мерекелік кештің


специальней ұсынылды. Кештің мақсаты: оқушылар олең оқып, ана тілі туралы ән айтуға баулу, ана тіліміз туралы мағлұматтармен бөлісу. Көрнекілік құралдары: Танымал ғалымдардың тіл туралы айтқан ойлары жазылған плакаттар, тіл туралы слайд. Қазақстан елі туралы бейне роликтер көрсетілді. Оқушылардың формулярын реттеп отыру күнделікті жүзеге асырылады, және оқушылардың түгелдей дерлік әкелуіне, қапталуына, ұқыптылығына назар аударылады.

17.09.2021 жылы кітапхана активтерінің аткарылатын жұмыстары сынып бойынша атап көрсетілді және кітапхана активтері анықталып, олармен жұмыс жүргізу жоспарланды.

03.09.2021 жылы 2021-2022 оқу жылындағы 2-8 сынып оқушыларының кітапхана қызметтерін пайдалану кестесі түзіліп бекітілді. Осыған орай әр сыныптың жетекшілері өз сыныптарына хабарлама жасады.

Күнделікті оқырмандардың сұранымдарын қанағаттандырып отыру, ғаламтор жүйесі арқылы оқушылардың сұрақтарына жауап іздеу арқылы көмектесу және жинақталған мәліметтерді түсіндіру.

Мәліметті түзген:

 Дарменова Н

**Қ.Әбдіәлиев атындағы жалпы орта мектеп кітапханасының
2021-2022 оқу жылының І-жарты жылдығында қазан айында
атқарылған жұмыстары туралы**

М Ә Л І М Е Т

30.09.2021 жылы Қ.Әбдіәлиев атындағы жалпы орта мектеп кітапханасының қыркүйек айының бірінші күнінде қыркүйек айындағы жасалған жұмыстары қорытындыланды.

01.10.2021 жылы қазан айына арналған жұмыс жоспары жасалып бекітілді.

28.10.2021 жылы оқулықтарды пайдалану жайында рейд ұйымдастырылды, жалпы сыныптарға тексеру жүргізіліп, оқулықтарды түгел әкелмеген оқушылардың тізімін мектебіміздің Директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Нарбасва Халима апайға тапсырылды.

17.10.2021 жылы 5-9 сыныптардың оқулықтарына талдау жасалынды. Бұл сыныптардың ішінде 5-сынып оқушыларына жетіспейтін оқулықтардың бар екенігі анықталып, А.Байтұрсынов мектебінен 6 дана ағылшын кітабы жеткізілді.

Ал 7-сынып оқушыларына Болашақ мектебінен 5 дана Қазақстан тарихы оқулықтары, 9-сынып оқушыларына Қақпақ мектебінен 9 дана химия пәні бойынша оқулықтар жеткізілді және 7-сынып оқушылары орыс әдебиеті пәні бойынша ата-аналар тарапынан жеткізілді.

04.10.2021 жыл. Жаңадан келіп түскен оқулықтар кітапхана қорының сумарлық (07-06) кіріс-шығыс дәптеріне тіркеліп, сыныптар бойынша бөлініп жазылды.

07.10.2021 жылы кітапхана активтерінің атқарылатын жұмыстарын сынып бойынша атап көрсетілді: 10-11 сыныптар арасында жұмыс жүргізілді. Атап айтсақ 10,11 - сыныптардан :

1. Жолдыбек Анизат

2. Оңласын Ақнұр

3. Ислам Ерік

4. Асап Нұрислам

9- сыныптардан 1. Ләсім Диана

2. Кенжекүл Сержан

3. Жолдыбаева Гүлсана

4. Құттыбек Шұғыла

11- сыныптардан 1. Тағайбек Аяна

2. Махамбеталиев

3. Газрати Альвида

11- сыныптардан 1. Қалдаш Гүлдана

2. Жұмабек Мейірхан


3. Қарсыбаева Аружан

08.10.2021 жылы Кітапхана активтері кітаптарды түптеп жас оқырмандар үшін өз үлестерін қосып отырды.

05.10.2021 жылы Ұстаздар күніне орай газет шығарылды және әрбір ұстаздарға құттықтау хат жолданды.

15.10.2021 жылы 15-қазан күні кітапханашылар күніне орай газеттер шығарылып, бұл күні ауданымызда кітапханашылар мерекесі ұйымдастырылды. Ғаламтордан үнемі оқушыларға қажетті мәліметтер алынып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

22.10.2021 жыл. 22- қазан -мектебіміздің атына есімі берілген Ұлы Отан Соғысының батыры, елі үшін жанын аямаған, ел тағдырын ойлап еліміздің тәуелсіздігі үшін ерен еңбек сіңірген батыр атамыз Қарақозы Әбдіәлиевтің қаза болған күні. Осыған орай «Өшпейтін бейне», «Батыр мәңгі өшпес есім» атты көрме ұйымдастырылды және қазақ тілі маманы Омарова Назгүл Қарақозы Әбдіәлиев атамыздың құрметіне «Ер есімі – ел есінде» атты ашық тәрбие сабағы өткізілді.

Мәліметті түзген:  Дарменова Н

**Қ.Әбдәліев атындағы жалпы орта мектеп кітапханасының
2021-2022 оқу жылының I-жарты жылдығында қараша айында
атқарылған жұмыстары туралы**

М Ә Л І М Е Т

Газет журналдардың тігіндісі жасалып, жаңадан келін түскен жаңалықтармен ұстаздарымызды хабардар ете отырып мәліметтер жинақталып, күнделікті жүргізілді.

31.10.2021 жылы Қ.Әбдәліев атындағы жалпы орта мектеп кітапханасының қараша айының бірінші күнінде қазан айындағы жасалған жұмыстары қорытындыланды.

01.11.2021 жылы қараша айына арналған жұмыс жоспары жасалып бекітілді.


Күнделікті кітап қорын қайта түгенделіп, (инвентаризация) жасалып оқушыларға пән бойынша қажетті оқулықтар таратылып және кітаптарды ұқыптылықпен қолдану қажет екендігі түсіндірілді.

15.11.2021 жылы оқушыларға оқулықтарды қалай пайдалану керек екендігі жайлы рейд ұйымдастырылып, «Кітап білім бұлағы» десек, «Кітапқа деген сүйіспеншілік тудыру әрбір кітапханашының міндеті, борышы. Оқушыларымыз салт-дәстүрімізді көзінің қарашығындай бағып жүретін, көптің көкейіне үміт отын жағып жүретін, адамзаттың озық ой көгінде ағып жүретін болуы тиіс» деп Елбасы Н.Назарбаев айтқан осындай насихат сөздері арқылы оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіре отырып түсіндірілді.

17.11.2021 жылы «Кітаптар әлемі» (бастауыш сыныптарына экскурсия сабақ) Оқушыларымызды Азаматтық, Отансүйгіштік, Адамгершілік жайлы пікірлер айтылып, өздері білетін және өздері оқыған кітаптары жайлы өз ойларын ашық түрде ортамен бөлісті. Яғни, Отансүйгіштік қасиетке ие болған өз мектебіміздің мақтанышы Қ.Әбдәліев атамyzдың атына берілген арнайы музейіне саяхат жасау арқылы толық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Атамyzдың батырлығы, еткен ерен еңбектері жайында және де ескерткіштері мен мектептері жайлы атап көрсетілді.

19.11.2021 жылы Ағартушы педагог, этнограф, қоғам қайраткері - Ы. Алтынсарин атамyzдың туылған күніне орай арнайы мәліметтер жинағы және өмір баяны жайлы, өмірі жайлы.

30.11.2021 жылы «1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне» ғаламтордан материалдар жинақталды және кітап көрмесі ұйымдастырылды. Тұңғыш Президентіміздің өмірбаяны мен қызмет жолдарына тоқталып, көрме безендірілді.



Мәліметті түзген: *Дарфа* Дарменова II

**Қ.Әбділіев атындағы жалпы орта мектеп кітапханасының
2021-2022 оқу жылының I-жарты жылдығында желтоқсан
айында атқарылған жұмыстары туралы**

М Ә Л І М Е Т

Газет журналдардың тігіндісі жасалып, жаңадан келіп түскен жаңалықтармен ұстаздарымызды хабардар ете отырып мәліметтер жинақталып, күнделікті жүргізілді.

30.11.2021 жылы Қ.Әбділіев атындағы жалпы орта мектеп кітапханасының қыркүйек айының бірінші күнінде қарапа айындағы жасалған жұмыстары қорытындыланды.

03.12.2021 жылы желтоқсан айына арналған жұмыс жоспары жасалып бекітілді.

23.12.2021 жылы оқушыларға оқулықтарды қалай пайдалану керек екендігі жайлы рейд ұйымдастырылып, «Кітап білім бұлағы» десек, оқулықтардың сан түрлі бөлімдерін атап көрсету және оларды оқушыларға толығымен түсіндіру.

«Оқу инемен құдық қазғандай», «Білімі күшті мыңды жығады, Білегі күшті бірді жығады.» деп ата-бабаларымыз айтып өткен мақал-мәтелдерді мысалға ала отырып, оқушыларымызды озық ойлай алуға жете тәрбиелеу.

03.12.2021 жылы «Халықаралық СПИД-ке қарсы күрес» күні кітап көрмесі ұйымдастырылды. Бейне роликтер мен баяндама оқу арқылы оқушылардың ой саналарына жат қылықтардан жырақ жүруге үндеу жолданды және жақсы адам болу үшін жақсы қасиеттердің қажет екендігі жайлы оқушыларға толық ойлар, пікірлер жеткізілді.

02.12.2021 жылы Биылғы жылы ерекше айтылатын мерей тойымыз - Еліміздің тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай «Тәуелсіздік – тірегім», «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына 30 кітап көрмесі» атты кітаптар көрмесі ұйымдастырылды.

10-20.12.2021 жылы «Тәуелсіздік – елімнің тірегі» кітап әлеміне саяхат ашық есік өткізілді, барлық сыныптар бойынша көрмелер көрсетіліп, өз ана тіліміздің қастерлеуге, құрметтеуге яғни, өзге тілден мәртебесі биік екендігі баяндалды.

24.12.2021 жылы «Жазушыдан ұлағат, ұлыдан өнеге» жазушы, Кеңес Одағының батыры, Қазақстанның халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының туылған күні.

Бауыржан Момышұлының өмірбаяны.

Момышұлы Бауыржан – екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. Ол 1910 жылы Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекенінде туған.

Бауыржан жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Туган ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. Содан қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота, командирі болады.

1941 ж. Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады.

1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамымен аман-есен дивизиясына қосылды. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысты ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнайы тарау болып әскери жарғыға енуі, тактикада «ошақты» және «икемді қорғаныс» ұғымдарының қалыптасуы Бауыржан Момышұлының осындай тәжірибелерінің жиынтығы болып табылады. Оның қолбасшы, терең ойлай білетін әскери маман ретіндегі таланты соғыста полк, дивизия басқарған жылдары кеңінен ашылды.

Бауыржан Момышұлы жау шептеріне ішкерлей еніп ұрыс жүргізу теориясын соғыс тәжірибесінде алғаш қолданушылардың және оны дамытушылардың бірі болды.

Бауыржан Момышұлы — әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы бағз жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында суреттелді. Кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет ел тілдеріне аударылды.

Соғыстан кейін Бауыржан Момышұлы Совет Армиясы Бас штабының Жоғары әскери академиясын бітіреді. Әскери-педагогикалық жұмыспен айналасып, Совет Армиясы әскери академиясында сабақ береді. 1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан Бауыржан біржола шығармашылық жұмыспен айналысады. Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өмірінде көрген-білгендерін

**Қ.Әбдәліев атындағы жалпы орта мектеп кітапханасының
2021-2022 оқу жылының І-жарты жылдығында желтоқсан
айында атқарылған жұмыстары туралы**

М Ә Л І М Е Т

Газет журналдардың тігіндісі жасалып, жаңадан келіп түскен жаңалықтармен ұстаздарымызды хабарлар ете отырып мәліметтер жинақталып, күнделікті жүргізілді.

30.11.2021 жылы Қ.Әбдәліев атындағы жалпы орта мектеп кітапханасының қыркүйек айының бірінші күнінде қараша айындағы жасалған жұмыстары қорытындыланды.

03.12.2021 жылы желтоқсан айына арналған жұмыс жоспары жасалып бекітілді.

23.12.2021 жылы оқушыларға оқулықтарды қалай пайдалану керек екендігі жайлы рейд ұйымдастырылып, «Кітап білім бұлағы» десек, оқулықтардың сан түрлі бөлімдерін атап көрсету және оларды оқушыларға толығымен түсіндіру.

«Оқу інменен құдық қазғандай», «Білімі күшті мыңды жығады, Білегі күшті бірді жығады.» деп ата-бабаларымыз айтып өткен мақал-мәтелдерді мысалға ала отырып, оқушыларымызды озық ойлай алуға жете тәрбиелеу.

03.12.2021 жылы «Халықаралық СПИД-ке қарсы күрес» күні кітап көрмесі ұйымдастырылды. Бейне роликтер мен баяндама оқу арқылы оқушылардың ой саналарына жат қылықтардан жырақ жүруге үндеу жолданды және жақсы адам болу үшін жақсы қасиеттердің қажет екендігі жайлы оқушыларға толық ойлар, пікірлер жеткізілді.

02.12.2021 жылы Биылғы жылы ерекше айтылатын мерей тойымыз - Еліміздің тәуелсіздігіне 25 жыл толуына орай «Тәуелсіздік – тірегім», «Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына 25 кітап көрмесі» атты кітаптар көрмесі ұйымдастырылды.

10-20.12.2021 жылы «Тәуелсіздік – елімнің тірегі» кітап әлеміне саяхат ашық есік өткізілді, барлық сыныптар бойынша көрмелер көрсетіліп, өз ана тіліміздің қастерлеуге, құрметтеуге яғни, өзге тілден мәртебесі биік екендігі баяндалды.

24.12.2021 жылы «Жазушыдан ұлағат, ұлыдан өнеге» жазушы, Кеңес Одағының батыры, Қазақстанның халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының туыптан күні.

Бауыржан Момышұлының өмірбаяны.


Момышұлы Бауыржан – екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. Ол 1910 жылы Жамбыл облысының Жұалты ауданындағы Көлбастау мекенінде туған.

арқау етеді. Оның қаламынан туған, өмір шындығын арқау еткен тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналады. Олар бірнеше қайтара басылып шығады.

Бауыржан бірнеше орден, медальдармен наградталады, Кеңестер Одағының батыры атағын алады. Алайда халықтың өзі «батырым» деп танып, ардақтаған қаһарман ұлына бұл атақ Отан соғысы біткеннен кейін жарты ғасырдай уақыт өткенде барып берілген болатын. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен оған «Халық қаһарманы» деген атақ берілді. Бауыржан Момышұлы 1982 жылы қайтыс болған.

24.12.2021 жылы Жаңа жыл мерекесіне орай газет шығарылды. Бұл айтулы мерекеге барлық сыныптар қатысты. Оқушыларымыздың өнерлеріне «жаксы» деген баға берілді.

26.12.2021 жыл 2021-2022 оқу жылында жалпы сыныптар бойынша оқушылардың кітапхана қызметтерін пайдалану жүйесімен танысты. Күнделікті оқырмандардың сұранымдарын қанағаттандырып отыру, ғаламтор жүйесі арқылы оқушылардың сұрақтарына жауап іздеу арқылы көмектесу және жинақталған мәліметтерді түсіндіру.

Мәліметті түзген:  Дарменова Н

**Қ.Әбділиев атындағы жалпы орта мектеп кітапханасының
2021-2022 оқу жылының II-жарты жылдығында қаңтар айына
жоспарланған жұмыстары туралы**

М Ә Л І М Е Т

30.12.2021 ж желтоқсан айындағы жасалған жұмыстар қорытындыланды.

03.01.2022 ж қаңтар айына арналған жұмыс жоспары жасалып бекітілді.

Кесте бойынша оқулықтарды пайдалану жайында рейд ұйымдастырылды, жалпы сыныптарға тексеру жүргізіліп, оқулықтарды түгел әкелмеген оқушылардың тізімін мектебіміздің Директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Нарбаева Халима апайға тапсырылды.

12.01.2022 ж Қ.Әбділиев атындағы жалпы орта мектеп кітапханасының қаңтар айында «Мерей той иелері» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырмандарға таныстырылды.

12.01.2022 жыл. 12-ші қаңтар Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым, Қазақстанның бірінші басшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 110 жыл (1912-1993) «Дінмұхамед Қонаевтың 110 жасы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге «Ұлы қоғам қайраткері», «Тарих толқынында», «Қонаевтың ерен еңбектері» т.б кітаптар, журналдар газеттер қойылды. «Қазақ елінің жанашыры, мақтанышы» тақырыбы бойынша қабырға газеті шығарылып оқырмандарға таныстырылды. «Мерей той иелері» мен оқырмандарды таныстыру сәті болып өтті.

«1 қаңтар Әнші, Қазақстанның халық артисі, КСРО халық артисі, Халық Қаһарманы Роза Тәжібайқызы Бағланованың туғанына 100 жыл (1922)»

1 қаңтар «Уральские войсковые ведомости» газетінің Орал баспасында шыққанына 155 жыл (1867).

1 қаңтар Суретші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, БҚМУ оқытушысы Оразғалиев Қайырдың туғанына 60 жыл (1962)

1 қаңтар «Жайық үні»- Орал қалалық апталық газетінің қазақ тілінде шыққанына 30 жыл (1992)

1 қаңтар Қоғам қайраткері, ғалым, КСРО Педагогика ҒА-ның корреспондент мүшесі Айман Кенжәлінің туғанына 105 жыл (1917-1974) Бөрлі ауданы.


3 қаңтар Өлкетанушы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Щербанов Николай Михайловичтің туғанына 80 жыл (1942)

8 қаңтар Қазақстан Республикасының халық әртісі, домбырашы Қали Жантілеуовтың туғанына 120 жыл (1902-1993) Жаңақала ауданы

9 қаңтар Актриса, Қазақстанның Халық артисі, КСРО халық артисі, профессор Хадиса Бөкееваның туғанына 100 жыл (1917) Казталов ауданы

10 қаңтар Белгілі күйші, Бөкей орда ауданының тумасы Өтеген Жұмашевтың туғанына 90 жыл (1932)

26 қаңтар Қазақ ақыны Жұмағали Саинның туғанына 110 жыл (1912-1961) атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырмандарға таныстыра отырып тапсырмалар берілді. «Кітапханаға саяхат» 4-сынып оқушылары мен бірге ұйымдастырылды.

Мәліметті түзген:  Дарменова Н

**Қ.Әбдіәлиев атындағы жалпы орта мектеп кітапханасының
2021-2022 оқу жылының II- жарты жылдығында ақпан айында
атқарылған жұмыстары туралы**

М Ә Л І М Е Т

- 31.01.2022** жылы қаңтар айындағы жасалған жұмыстар қорытындыланды.
01.02.2022 жылы ақпан айындағы жұмыс жоспарын жасалып бекітілді.
14.02.2022 жылы Ауган соғысының ардагерлерімен кездесу
ұйымдастырылып, жоғары дәрежеде іс-шара ұйымдастырылды
06.02-11.02 2022 жылы Тазалық күнін өткізу жоспарланды.
Тазалық күніне орай үйірме мүшелері атсалысты.
1) кітаптарды шаңнан сүртіп тазартылды
2) жыртылған кітаптарды түптеу қолға алынды.
17.02.2022 жылы "Әдебиет - өмір айнасы " М.Әуезов (кітап көрмесі)

Мұхтар Әуезов

Мұхтар Әуезов көрнекті совет жазушысы, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйекте Семей уезі Шығыс болысында көшпенді орта шаруа семьясында туған. Жас баланың алғаш арабша сауатын ашқан атасы Әуез еді. 1906 жылы ағасы Қасымбек Семейге алып келеді де, әуелі өзі орысша үйретіп, бес кластық қалалық училищеге орналастырады. Оны бітіргеннен кейін М. О. Әуезов Семейдің мұғалімдер даярлайтын семинариясына оқуға түседі. Жазушының творчестволық жолы 1917 жылдан басталған. Сол жылы жазылған тұңғыш пьесасы «Еңлік—Қебек» ауыл жастарының күшімен Абай елі жай тауында киіз үйде қойылып, ғұмырында сахна өнерін қызықтап көрмеген қыр-қазақтарын қуанышқа кенелткен еді.


М. Әуезов 1918 жылдан бастап, семинария қабырғасында жүрген кезінде-ақ негізінен жалпы мәдениет, педагогика, ағартушылық тақырыптарында өзіндік тырнақ алды мақалаларымен мерзімді баспасөзге белсене қатысады. 1918—1919 жылдары жазылған «Ел ағасы», «Бәйбіше-тоқал» пьесалары ел арасына қолжазба күйінде тарап, Қазақстанда революцияның алғашқы жылдарында жастар драма үйірмелерінің репертуарларынан кең орын алған. 1919 жылдың желтоқсанында Батыс Сібірде Совет өкіметі біржола орнаған кезінен бастап, мұғалімдер даярлайтын семинарияның әлі соңғы класында оқып жүрген шағында ақ М. О. Әуезов қоғамдық-саяси өмірге белсене араласады. Семей губерниялық атқару комитетінің бөлім меңгерушісі, кейін председателі қызметтерін атқарады. 1922 жылы үзіліп қалған оқуын жалғастыру мақсатымен Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетіне түсіп, ол 1923 жылдың күзінде Ленинград

университетінің тарих-филология факультетіне ауысады. 1928 жылы Ленинград университетін бітірісімен

М. О. Әуезов Ташкентке қайтып келіп, 1929 жылы САГУ-дің филология кафедрасы бойынша шығыс факультеті аспирантурасына қабылданады. Жиырма екі жылдардың өзінде жазушы Семей, Орынбор, Ташкент, Қызылорда журналдары мен баспалары арқылы әңгіме повестерін жарыққа шығара бастайды. 1926 жылы оның «Еңлік—Кебек» пьесасымен Қызылорда қаласында қазақтың тұңғыш профессионалдық театры шымылдығын ашты. Оқу мен әдеби-творчестволық қызметті ұштастыра отырып, жиырма екі жылдан бастап, М. О. Әуезов қазақ әдебиетінің тарихын, фольклорын жүйелі зерттеу мәселесімен үзбей шұғылданған. Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың өмірі мен творчествосы жайлы байсалды пікірлер қорытқан. 1932—1938 жылдар аралығында Мұхтар Әуезов Алматы қаласында Қазақ академиялық драма театрының әдеби бөлімі меңгерушісі болып қызмет істейді. Театрдың жетекші авторларының бірі ретінде ол өзінің төл пьесаларымен ғана емес (отызыншы жылдары «Түнгі сарын», «Тас түлек», «Шекарада» пьесаларымен «Айман—Шолпан» музыкалық комедиясы, т. б. қойылған), орыс, шетел, советтік классика үлгілерін де аударып, қазақ сахна өнерін байытуға атрықша еңбек етірді.

(В. Шекспирдің «Отелло», Н. Гогольдің «Ревизор», К. Треневтің «Любовь Яровая», Н. Погодиннің «Ақсүйектер» драмалары, т. б.). 1939 жылы Л. Соболевпен бірігіп жазған «Абай» трагедиясы кейін М. Әуезовтің он төрт жылдан астам уақыт бойғы тынымсыз творчестволық еңбегінің қорытындысы «Абай жолы» эпопеясына барар жолдағы шешуші баспалдақ болды. Эпопеяның алғашқы қос кітабы «Абай» романдары (1942 — 1947) 1949 жылы СССР Мемлекеттік сыйлығымен бағаланды да, ал кейінгі қос томы «Абай жолы» 1952—1956 жылдары жазылып бітіп, жалпы «Абай жолы» эпопеясына 1959 жылы Лениндік сыйлық берілді. Бұл эпопеясын бітірісімен М. О. Әуезов бүгінгі заман тақырыбына бірқала ойысып, жана эпопеясының бірінші кітабын «Өскен өркенді» жазып шықты (1958—1961).

Творчестволық еңбекті М. Әуезов әрдайым ғылыми-педагогтік қызметпен тығыз ұштастыра білді. 1928—1930 жылдары қазақтың Халық ағарту институты мен Ташкент Ормантехникумында қазақ әдебиетінен дәріс берді. 1932 жылдан бастап Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтта қазақ фольклоры курсы бойынша лекция оқып, аспиранттар даярлау ісіне жетекшілік етті. 1934 жылдан өмірінің ақтық сәтіне дейін М. Әуезов С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында жұмыс істеді, қазақ фольклоры мен қазақ әдебиеті тарихы, Орта Азия республикалары әдебиеттерінің тарихы бойынша лекциялар оқып, арнаулы курстар жүргізді. Оның ішінде әсіресе Абайтану курсы бойынша оқыған лекциялары қазақ совет әдебиеттану ғылымының бүтіндей жана бір бағытын негіздеп берді. М. Әуезов қазақ орта мектептері мен жоғары оқу орындары үшін әдеби оқу құралдарын (программа, әдеби хрестоматия) жасау ісіне де белсене қатысты. Бұл игілікті еңбектің бастамасы Д. Исақовпен бірігіп дайындаған, 1929 жылы Қызылорда қаласында басылып шыққан қазақ балаларына лайықталған орыс әліппесі еді. Сол жылы 1-



Сырым да осы, Жырым да осы,
Елдіңде, байқаны бір,

баспалдақ-бастауыш мектептердің қазақ шәкірттері үшін орыс тілінен оқуға арналған «Жаңа ауыл» көп кітабы да Қызылордада жарық көрді. Ал 1927 жылы «Қазақ әдебиетінің тарихы» жарияланған. М. О. Әуезов қазақ әдебиеттану ғылымы саласында жас ғылыми кадрларды даярлау бағытында да ғылыми-методикалық қыруар істер тындырды. Аспиранттарға ғылыми жетекшілік жасап, докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғау жұмыстарында ресми оппонент ретінде де елеулі еңбек сіңірді. Жоғары оқу орындарындағы педагогтік жұмысымен қатар М. О. Әуезов 1943 жылдың январынан бастап СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының Тіл, әдебиет және тарих институты әдебиет секторының аға ғылыми қызметкері болып істейді. 1946 жылдан қазақ әдебиет тарихы секторының меңгерушісі, ал 1957 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының халық ауыз әдебиеті бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады. 1946 жылы оған профессор ғылыми атағы мен филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді. 1946 жылдары М. О. Әуезов Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі және Президиум мүшесі болып сайланды.

22.02.2022 жылы Кітап - досым, ақылшым (библиографиялық сабақ)
Сабаққа 5-7 сыныптар қатысып, өз ойларында жүрген сұрақтармен бөлісті.

04.02.2022 жылы АББ - не ағылшын тілі сабағының оқытылуы жайында мәлімет берілді.

09.02.2022 жылы Қазақтың ұлы ақыық ақыны Мұқағали Мақатаевтың туылған күніне орай көрме ұйымдастырылып, **«Мұқағали Мақатаевтың туылғанына 91 жыл» атты поэзия кеші өткізілді.** Қазақтың әйгілі ақыны Мұқағали Мақатаев 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысы, Нарынқол ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Шын есімі Мұқаметқали. Әкесі Сүлеймен іс шаруа адамы. Бастауыш сыныпты Қарасазда оқыды, орта мектепті Нарынқолда бітірді 14-15 жасынан өлең жаза бастады. 1948 жылы мектепті жақсы аяқтады. Ауылдағы мектепте мұғалім болып жұмыс жасайды.

Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін сүйіп оқымайтын, тыңдамайтын адам жоқ. Ақын ағамыздың қалам тартпаған тақырыбы қалмаған. Ана мұңы, әке зары, жетім - жесір, қайғысын, ердің ерлігін, пәк махаббатты, достықты жырға қосқан. Сонымен бірге, өз халқының салтын-дәстүрін, әдеп-ғұрпын қадірлей білген ұлтжанды ақын.

Дықсыдым ба, жандым ба?
Мұхандар жоқ, Мұхандардың сарқыты-
Мұқағали Мақатаев бар мұнда дей отырып.
Мұқағали Мақатаевқа арналған слайд көрсетілді.
Жыл сайын Мұқағали тойланады,
Өлеңің таралады байға нәрі.
Жас ақындар талтынып шабытталып,
Мұқағали жасайында толғанады.

Мәліметті түзген:

Дарменова Н